

Атырау облысының аумағы арқылы өтетін жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын коммуналдық меншікке беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 маусым N 738

"Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайту жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 наурыздағы N 299 Р990299_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Атырау облысының аумағы арқылы өтетін және "Энергоорталық - ЕС - Қазақстан" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансындағы жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын заңдарда белгіленген тәртіппен Атырау облысының

коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.